

6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының докторанты Уразбаева Шарипа Нұрымбетовнаның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» деп аталатын диссертациясына

ІШКІР

Өзге шетел мемлекеттеріне қарағанда Қазақстанда «гендер» мәселесін зерттеу Тәуелсіздік алған жылдардан кейін, XX ғасырдың соңғы он жылдығында ғана қолға алына бастады. Сондықтанда бұл еліміздегі әлі де болса толық зерттеле қоймаған ең жас сала болып табылады. Әлемдік гендерлік саясат құрылымдар кезеңдері мен негізгі модельдерінің ережелерін назарға ала отырып, Қазақстандағы гендерлік саясат институтының даму бағыттарына сәйкес отандық ғалымдар философияда, лингвистика, психология, тарих, этнология, әдебиеттану сынды әр түрлі салаларда бірнеше еңбектер жазып, зерттеулер жүргізді. Ал өнертану, соның ішінде кино саласы бойынша бұл әлі тың, қол тимеген тақырып еді.

Әлемдегі әрбір мемлекет өзінің Конституциясына сәйкес сыртқы және ішкі саясатпен айналысатыны белгілі. Өзінің атауы айтып отырғандай, сыртқы саясат – шет мемлекеттермен жүргізілетін қарым-қатынас, ал ішкі саясат – мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтып, жаһандану процесінен қалмай, алға қарай даму үшін қажетті тетіктердің бірі. Ал соңғы жылдары ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым әр салада көптеп айтылып жүр. Қазіргі кезде қоғамдағы әйел мен ердің орны туралы түсініктер мен құндылықтар, осымен байланысты таптаурындар мен әлеуметтік үрдістер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған орай өнертану саласында докторант Ш.Н.Уразбаеваның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» деп аталатын диссертациялық жұмысында осы тақырыптың қарастырылуы қуантарлық жағдай. Зерттеу жұмысында Қазақстанның кино режиссура өнерінде ер азаматтармен теңдей қызмет етіп жүрген әйел режиссерлердің өзіндік қолтаңбалары, жаңашылдық бағытындағы өткені мен қазіргі келбетінің көркемдік ерекшеліктері өнертанушылық тұрғыда зерделеніп, ол тек халқымызға ғана емес, әлемдік деңгейде ғылыми негізде дәріптеу мақсат етілген.

Диссертациялық жұмыста автор үшін кинотеориядағы гендер мәселесін алға шығарып, феминендік кино саласын жетік зерттеген әлемдік кинотеоретиктер Л.Малви, Т. Де Лауретис, Карол Дж.Кловвер, Руби Рич, Дон Мэри Энн және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері жұмыстың теориялық негізі болғанын көруге болады. Зерттеушінің осыған орай көптеген ауқымды үлкен көлемдегі архивтік материалдарды көтеріп, батыстық және қазақстандық кинотанушы, сыншы, кинотеоретиктерінің осы тақырыпқа байланысты зерттеуі, осыған қарай әйел және ер режиссерлерінің фильмдеріндегі өзіндік қолтаңбаларына

қатысты көп қырлы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, негізгі тенденцияларды анықтап, соған байланысты өзіндік тұжырым шығара білгенін атап айтуға болады.

Диссертациялық жұмысының жаңалығы қазақ киносында әлі де болса әйел – режиссерлерінің фильмдерінің толыққанды ешбір кинотанушының назарына іле қоймағанынан, олар туралы қазақ киносы жайында жазылған кітаптар мен монографияларда мәліметтердің сирек кездесетіндігінен, тұңғыш рет қазақстандық кинотануға «әйел киносы» деген ұғым енгізіліп, бұл ұғымның теориялық-практикалық ерекшеліктері айшықталғандығы тұрғысынан көруге болады.

Сонымен қатар аталмыш зерттемелік жұмыста кино тарихындағы гендер феноменіне байланысты теориялық көзқарастар, кинотанудағы гендер репрезентациясының түсінігі, қазақ киносындағы гендерлік зерттеулер және психоаналитикалық тұрғыдағы көркемдік шешімдер жайлы ұстанымдар орынды айтылады. Диссертант осыған орай ұлттық кино теориямызда гендер жайлы материалдың аз болғандығынан, көбіне бұл жөнінде зерттеулер негіздерін шетелдік кинотеоретиктер мен киносыншылардың еңбектеріне сүйенгені көрініп тұр. Осы ізденістің жалғасы ретінде әлемдік және қазақ киносындағы әйел – режиссерлердің қойған фильмдеріндегі ізденіс іздері мен ерекшеліктерін жан – жақты талдайды. Докторант кино саласындағы гендер репрезентациясын талдаумен бірге жалпы қоғамдағы гендер түсінігін мәдениетпен, фольклорлық әдебиетпен байланыстыру арқылы көптеген нәтижелерге жеткен.

Ш.Н.Уразбаева өзі де режиссер болғандықтан зерттеліп отырған тақырып оған етене жақын екені көрініп тұр. Мұнда әйел режиссерлердің фильмдеріндегі кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктері, типаждық көріністері жақсы талданған. Фильм түсіру техникасының жолдарын жақсы білетін ізденуші оны зерттеудің де ғылыми тетіктерін жоғары деңгейде меңгеріп, түсініп жазған. Тақырыпты зерттеу барысында ауқымды жұмыс жүргізілген. Ізденуші кино тарихын жетік білуі, онда орын алып отырған үдерістерді сезінуі, оларға өз тарапынан пікір білдіріп отыруы жұмысты қызықты ете түседі.

Жұмыстың тағы бір маңызды тұсы, отандық кино саласында ерлер мамандығы деп саналатын қиындығы мол фильм түсіру индустриясында өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүрген әйел режиссерлер: Дариға Тналина, Лейла Аранышева, Шапиға Мусина, Әсия Сүлеева, Ұлжан Қолдауова, Айхан Чатаева, Әсия Байғожина, Жанна Исабаева, Гүлшат Омарова, Эля Гильман және т.б. жас буын әйел режиссерлердің талдап-талқылап, олардың фильмдеріндегі көркемдік идеясына тоқталып, өз ғылыми тұжырымын білдірген.

Диссертациялық жұмыс Кіріспеден, үш тарау, әр тарау екі тараушадан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Мұнда ішкі бірлік сақталып, бір-бірімен байланыста қарастырылған. Сонымен қатар жұмыста келтірілген кестелер де өз

орнымен келтірілген. Ізденушінің жинақтаған материалдарын зерттеу, жүйелеу әдісі арқылы қол жеткізген нәтижесі мен тұжырымдары ғылыми түрде дәлелденген. Осы себепті де толық аяқталған дербес ғылыми жұмыс деуге негіз бар.

Қорыта айтқанда, докторант Ш.Н.Уразбаеваның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты диссертациялық жұмысы қол жеткізген нәтижесінің нақтылығымен, ұсынылған тұжырымдарының ғылыми негізінде қорытындылануымен құнды, мақсаты, міндеті айқын, жаңалығы, өзектілігі бар, өздігінше даярланған, Қазақстанның өнертану саласында алғаш рет көтеріліп отырған жұмыс деп бағалап, бұл жұмысты 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайықты деген баға беремін.

Пікір білдіруші:

Философия ғылымдарының докторы

«Гармония» гендерлік агенттігінің директоры

«Қазақтардың этногендерлігі» концепциясының

авторы, Алматы технология университетінің

«Кәсіптік білім беру және қоғамдық ғылымдар»

кафедрасының профессоры



З.М. Қодар

З.М. Қодар

kodarzamza@yandex.kz